

Бекітемін _____

№ 17 «Шұғыла» 6/6 МККК-ның

менгерушісі: Д.Н.Жетілгенова



2024-2025 оқу жылына арналған қазақ тілі ұйымдастырылған іс –әрекетінің
циклограммасы
(мектепалды топтары 5 жастан бастап)

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

СӘУІР ІАПТА

ҰІӨ тақырыбы:	Көктем келді, гүл өсті	
Күні:	СӘУІР	
ТОП: мектеп палды		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға көктем мезгілінің ерекшелігін түсіндіру, гүлдердің атауларын (бәйшешек, жауқазын, қызғалдақ) қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету, сөздік қорын байыту.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: көктем мезгілі мен гүл атауларын. Түсінеді: көктемде табиғат оянып, гүлдер өсетінін. Айта алады: «Көктем келді», «Гүл өсті», «Сары гүл», «Қызыл гүл» деп айтады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: көктем, гүл, сары гүл, қызыл гүл, әдемі гүлдер, бәйшешек, жауқазын, қызғалдақ Сұрақтар: – Қай мезгіл келді? – Қандай гүлдерді білесің? – Гүлдер қандай болады? Сөйлеу үлгілері: – Көктем келді. – Гүлдер әдемі.	

	– Сары гүл өсті. – Қызыл гүл ашылды. –	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: – «Көктем келді!» деп қуанышпен айту. Көктем туралы қысқаша әңгіме. Ойын №1: «Гүлді ата» Шарты: Мұғалім гүл суреттерін көрсетеді, балалар атайды. Барысы: бәйшешек – «бәйшешек» жауқазын – «жауқазын» қызғалдақ – «қызғалдақ» Дыбыстық жаттығу: – г-г-г (гүл) – к-к-к (көктем)	Музыка, смайлик

	Жұмбақ: «Көктемде жерді безендіреді, әдемі болып өседі» (гүл)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Гүлдерді жина» Шарты: Балалар суреттерден гүлдерді таңдап, атауын айтып себетке «жинайды». Барысы: • Мұғалім гүл суреттерін таратады • Балалар гүлді атайды • Дұрыс айтқан соң «себетке» салады Үлгі сөйлемдер: • «Бұл – қызыл гүл» • «Мен бәйшешек жинадым» • «Гүлдер әдемі» • «Көктемде гүлдер өседі» Қосымша тапсырма: – «Гүл қандай?» сұрағына жауап беру – 2–3 сөзден сөйлем құрау	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы.	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр»	Суреттер, ойын құралдары

Рефлексия 3-минут	Шарты: берілген сөздерден сөйлем құрау. Барысы: • «гүл – өсті» → «Гүл өсті» • «көктем – келді» → «Көктем келді» • «гүлдер – әдемі» → «Гүлдер әдемі» – Бүгін не үйрендік? – Қандай гүлдерді білдік? Нәтиже: • Гүл атауларын меңгереді • Сөйлеу дағдысы дамиды • Көктем туралы түсінігі қалыптасады	
-------------------------------------	--	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

СӘУІ Р ІАПТА

ҰІӨ тақырыбы:	«Ханталапай» ұлттық ойыны
Күні:	

		СӘУІ Р	
ТОП: мектепалды			Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға қазақтың ұлттық ойыны – «Ханталапай» туралы түсінік беру, асық түрлерін (алшы, тәйке, бүк, шік) таныстыру, қазақша сөздік қорын дамыту, ұлттық ойынға қызығушылығын арттыру.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: асық, алшы, тәйке, бүк, шік ұғымдарын. Түсінеді: асық ойыны – қазақтың ұлттық ойыны екенін. Айта алады: «Мен асық ойнаймын», «Алшы түсті», «Тәйке түсті» деп айтады.		
Тілдік мақсат:	Сөздер: асық, алшы, тәйке, бүк, шік, ханталапай, ойын Сұрақтар: – Бұл не? – Асық қалай түсті? – Қандай ойын ойнаймыз? Сөйлеу үлгілері: – Бұл – асық. – Алшы түсті. – Мен асық ойнаймын. – Ханталапай ойыны қызық.		
ҰІӨ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»:		Музыка, смайлик

II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	– «Бүгін біз ұлттық ойын ойнаймыз» деп қызығушылық ояту. Ойын №1: «Асықты таны» Шарты: Мұғалім асық түрлерін көрсетеді, балалар атайды. Барысы: • асық – «асық» • алшы – «алшы» • тәйке – «тәйке» • бүк – «бүк» • шік – «шік» Дыбыстық жаттығу: – а-а-а (асық) – х-х-х (ханталапай) Жұмбақ: «Ойнасаң қолда айналады, төрт қыры бар болады» (асық)	
Ойын №2: «Асық» ойыны	Шарты: Балалар асықтарды лақтырып, түскен жағын атайды.	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы.	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр»	Суреттер, ойын құралдары

Рефлексия 3-минут	Шарты: сөздерден сөйлем құрау. Барысы: «мен – асық – ойнаймын» → «Мен асық ойнаймын» «алшы – түсті» → «Алшы түсті» «ойын – қызық» → «Ойын қызық» – Бүгін қандай ойын ойнадық? – Асықтың қандай түрлерін білдік? Нәтиже: - Ұлттық ойын туралы білім қалыптасады - Сөйлеу дағдысы дамиды - Қимыл-қозғалыс және тіл дамуы бірге жетіледі	
-------------------------------------	--	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

СӘУІ Р ПАПТА

ҰІӨ тақырыбы:	Азық-түлік
Күні:	СӘУІ Р

ТОП: мектеп палды	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға азық-түлік атауларын қазақ тілінде үйрету, олардың маңызын түсіндіру, қарапайым сөйлем құрастыруға дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: нан, сүт, шай, шұжық, май сияқты азық-түлік атауларын. Түсінеді: азық-түліктің адам өмірі үшін маңызды екенін. Айта алады: «Мен нан жеймін», «Сүт ішемін», «Бұл – шай» деп айтады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: нан, сүт, шай, шұжық, май, азық-түлік, дүкен Сұрақтар: – Бұл не? – Сен не ішесің? – Дүкенде не сатылады? Сөйлеу үлгілері: – Бұл – нан. – Мен сүт ішемін. – Мен шай ішемін. – Дүкенде азық-түлік сатылады.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: – «Ас болсын!» тілектер айту.	Музыка, смайлик

II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Азық-түлік туралы қысқаша әңгіме. Ойын №1: «Тез ата» Шарты: Мұғалім сурет көрсетеді, балалар тез атайды. Барысы: • нан – «нан» • сүт – «сүт» • шай – «шай» • май – «май» • шұжық – «шұжық» Дыбыстық жаттығу: – н-н-н (нан) – с-с-с (сүт) – ш-ш-ш (шай) Жұмбақ: «Адамға күш береді, күнде керек болады» (нан)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Тағамдар» слайды Шарты: Балалар слайдтағы тағамдарды көріп, атайды.	Суреттер, карточкалар

	Барысы: • мұғалім тағам суреттерін көрсетеді • балалар атайды • сөйлем құрайды Үлгі сөйлемдер: • «Бұл – нан» • «Бұл – сүт» • «Шай ыстық» • «Шұжық дәмді» Қосымша ойын: «Азық-түлік дүкені» (сюжеттік-рөлдік ойын) Шарты: Балалар дүкенші мен сатып алушы рөлін ойнайды. Барысы: • бір бала сатушы болады • бір бала сатып алушы болады • «Мен нан аламын», «Сүт беріңізші» деп сөйлейді • ақша орнына шартты карточка қолданылады	
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия <i>3-минут</i>	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем құрау.	Суреттер, ойын құралдары

	Барысы: • «мен – нан – жеймін» → «Мен нан жеймін» • «мен – сүт – ішемін» → «Мен сүт ішемін» • «дүкен – азық-түлік» → «Дүкенде азық-түлік бар» – Бүгін не үйрендік? – Қандай тағамдарды білдік? Нәтиже: • Азық-түлік атауларын меңгереді • Сөйлеу дағдысы дамиды • Сюжеттік ойын арқылы тілдік белсенділігі артады	
--	--	--

Қазақ тілі ҰІӘ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

СӘУІ Р ПАПТА

ҰІӨ тақырыбы:		Жаңылтпаштар	
Күні:		СӘУІ Р	
ТОП: мектеп палды			Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларды жаңылтпаштармен таныстыру, дыбыстарды дұрыс әрі жылдам айтуға жаттықтыру, сөйлеу тілін дамыту		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: жаңылтпаш деген ұғымды. Түсінеді: сөздерді дұрыс, анық айту керектігін. Айта алады: жаңылтпашты баяу және жылдам қайталайды.		
Тілдік мақсат:	Сөздер: жаңылтпаш, көбелек, ақ, көк, көп, жылдам, дұрыс айту Сұрақтар: – Жаңылтпаш деген не? – Қалай айту керек? – Көбелек қандай болады? Сөйлеу үлгілері: – Мен жаңылтпаш айтамын. – Мен жылдам айтамын. – Ақ көбелек ұшады.: –		
ҰІӨ өтілу барысы			

<i>Жоспарланған уақыт</i>	<i>Жоспарланған іс-әрекет</i>	<i>Ресурстар</i>
<i>I.Кіріспе бөлім</i> <i>Дұрыс әсерлі көңіл күй</i> <i>орнату,амандасу</i> <i>0-2 минут</i> <i>II. Ұйымдастыру</i> <i>3-5 минут Жұмбақ</i>	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: – «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп айту. Жаңылтпаш туралы қысқаша түсіндіру. Ойын №1: «Жылдам айт» Шарты: Мұғалім сөзді айтады, балалар қайталайды, кейін жылдам айтады. Барысы: • ақ – «ақ» • көк – «көк» • көбелек – «көбелек» • көп көбелек – «көп көбелек» Дыбыстық жаттығу: – к-к-к (көбелек) – а-а-а (ақ) – ө-ө-ө (көк) Жұмбақ: «Ұшып жүр жеңіл қанатымен, гүлге қонады» (көбелек)	Музыка, смайлик
<i>III. Негізгі бөлім</i> <i>Тақырып бойынша</i>	Ойын №2: «Жаңылтпашты айт»	Суреттер, карточкалар

жұмыс 12- минут	Шарты: Жаңылтпашты дұрыс әрі тез айту. Барысы: • мұғалім жаңылтпашты оқиды • балалар баяу қайталайды • кейін жылдам айтады Жаңылтпаш: • Ақ көбелек, көк көбелек – көп көбелек. Қосымша тапсырма: – Балалар өздері жаңылтпашты қайталап жарысады – Қателеспей айтуға жаттығады	
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Ойын №3: «Кім дұрыс айтады?» Шарты: жаңылтпашты қатесіз айту. Барысы: • әр бала кезекпен айтады • ең анық айтқан бала мадақталады – Бүгін не үйрендік? – Жаңылтпашты қалай айту керек?	Суреттер, ойын құралдары

	Нәтиже: • Дыбыстарды дұрыс айту дағдысы дамиды • Сөйлеу тілі жаттығады Есте сақтау қабілеті артады	
--	---	--

•

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы
Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А
Әдіскер: _____

СӘУІ Р ШАПТА

ҰІӨ тақырыбы:	Ертегілер Ертегі, кейіпкер, жағымды кейіпкер, жағымсыз кейіпкер.
Күні:	СӘУІ Р

ТОП: мектеп	палды		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларды ертегі әлемімен таныстыру, ертегі кейіпкерлерін (жағымды, жағымсыз) ажырата білуге үйрету, қазақ халық ертегілеріне қызығушылықтарын арттыру.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: ертегі, кейіпкер ұғымдарын. Түсінеді: ертегідегі жақсы және жаман кейіпкерлер болатынын. Айта алады: «Ертегі тыңдадым», «Бұл – жағымды кейіпкер», «Бұл – жағымсыз кейіпкер» деп айтады.		
Тілдік мақсат:	Сөздер: ертегі, кейіпкер, жағымды кейіпкер, жағымсыз кейіпкер, батыр, Алдаркөсе Сұрақтар: – Қандай ертегілер білесің? – Ертегіде кімдер болады? – Қай кейіпкер жақсы? Сөйлеу үлгілері: – Мен ертегі тыңдадым. – Бұл – жағымды кейіпкер. – Бұл – жаман кейіпкер. – Ертегі қызық.		
ҰІӨ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: – «Ертегі әлеміне саяхат жасаймыз!»		Музыка, смайлик

II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Ертегі туралы қысқаша әңгіме. Ойын №1: «Кейіпкерді ата» Шарты: Мұғалім ертегі кейіпкерлерін көрсетеді, балалар атайды. Барысы: • Алдаркөсе – «Алдаркөсе» • батыр – «батыр» • хан – «хан» • түлкі – «түлкі» Дыбыстық жаттығу: – е-е-е (ертегі) – к-к-к (кейіпкер) Жұмбақ: «Жоқтан бар қылады, ойдан әңгіме айтады» (ертегі)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Ертегі дискілері» Шарты: Балалар дискідегі ертегілерді тыңдап/көріп, мазмұнын айту. Барысы:	Суреттер, карточкалар

	• «Қазақ халық ертегілері» • «Қазақ эпосы» • «Алдаркөсенің басынан кешкендері» • Балалар қысқаша мазмұндайды Дидактикалық ойын: «Ерте, ерте, ертеде...» Шарты: Ертегіні бастау және жалғастыру. Барысы: • Мұғалім бастайды: «Ерте, ерте, ертеде...» • Балалар жалғастырады • Кейіпкерлерді қосады Үлгі сөйлемдер: • «Ертеде бір хан болыпты...» • «Ол батыр болыпты...» • «Түлкі айлакер екен...»	
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия <i>3-минут</i>	Ойын №3: «Кейіпкерді ажырат» Шарты: Кейіпкердің жақсы немесе жаман екенін айту. Барысы:	Суреттер, ойын құралдары

	• Алдаркөсе – жағымды • Түлкі – айлакер • Батыр – жақсы – Бүгін не үйрендік? – Қандай ертегі білдік? – Жақсы кейіпкер кім? Нәтиже: • Ертегі туралы түсінік қалыптасады • Кейіпкерлерді ажырата алады	
--	--	--

Қазақ тілі ҰІӘ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

СӘУІР ШАПТА

ҰІӨ тақырыбы:		Мен өскенде кім боламын	
Күні:		СӘУІР	
ТОП: мектеп палды			Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларды мамандық түрлерімен таныстыру, «Мен өскенде кім боламын?» тақырыбы бойынша өз ойларын қарапайым сөйлемдермен жеткізе білуге үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: мамандық атауларын (дәрігер, мұғалім, ұшқыш, аспаз т.б.) Түсінеді: әр мамандықтың маңызын, қоғамдағы рөлін Айта алады: «Мен өскенде ... боламын» құрылымымен сөйлем құрай алады		
Тілдік мақсат:	Сөздер: Мен өскенде, болашақта, мамандық, дәрігер, мұғалім, аспаз, ұшқыш Сұрақтар: – Сен өскенде кім боласың? – Қандай мамандықты ұнатасың? – Бұл мамандық не істейді? Сөйлеу үлгілері: – Мен өскенде дәрігер боламын. – Мен болашақта мұғалім болғым келеді. – Мен аспаз боламын.		

ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату, амандасу 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Балалармен амандасу – Жылы атмосфера қалыптастыру – «Көңіл күй шеңбері»: балалар смайлик таңдап, өз көңіл күйін білдіреді Жұмбақ: – Адамдарды емдейді, ақ халатты киеді. (Дәрігер) – Балаларды оқытады, білім береді. (Мұғалім) Ойын №1: «Мен өскенде...» Шарты: әр бала кезекпен өз қалаған мамандығын айтады Барысы: Балалар шеңберде тұрып: – «Мен өскенде ... боламын» деп жалғастырып айтады	Музыка, смайлик
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Тақырып бойынша жұмыс: – Мамандықтар суреттерін көрсету – Әр мамандық туралы қысқаша түсіндіру Ойын №2: «Кім не істейді?» Шарты: суретке қарап, мамандықты және оның іс-әрекетін айту Барысы: Балаларға карточкалар беріледі. Мысалы: – Дәрігер – адамдарды емдейді – Аспаз – тамақ пісіреді	Суреттер, карточкалар

IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Ойын №3: «Армандар ағашы» Шарты: әр бала өз қалаған мамандығын айтып, ағашқа жапсырады Барысы: Балалар стикерге мамандықты айтып немесе таңдап, тақтадағы ағашқа іледі Соңында бірнеше бала өз таңдауын түсіндіреді	Суреттер, ойын құралдары
---	--	--------------------------

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

СӘУІ Р

ҰІӨ тақырыбы:	Өнер көзі халықта	
Күні:	СӘУІ Р	
ТОП: мектепалды		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларды қазақ халқының өнер түрлерімен таныстыру, өз өнерлері туралы қарапайым сөйлемдер құрастырып айтуға және сюжетті сурет бойынша әңгімелеуге үйрету.	

Күтілетін нәтиже:	Біледі: өнер түрлерін (ән айту, би билеу, домбыра тарту, қолөнер) Түсінеді: халық өнерінің маңызын, оның мәдени мұра екенін Айта алады: «Мен ... аламын» құрылымымен сөйлем құрайды, сурет бойынша әңгімелейді	
Тілдік мақсат:	Сөздер: өнер, домбыра, ән, би, қолөнер, әшекей, зергер Сөйлеу үлгілері: – Мен домбыра тарта аламын. – Мен ән айта аламын. – Мен би билеймін. – Бұл – әшекей бұйым. Сұрақтар: – Қандай өнер түрлерін білесің? – Сен не істей аласың? – Суретте не көріп тұрсың? – Әшекей бұйымдарды кім жасайды? =	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу <i>0-2 минут</i> II.Ұйымдастыру <i>3-5 минут Жұмбақ</i>	 – Балалармен амандасу – Көңіл күй қалыптастыру – «Шаттық шеңбері»: Балалар бір-біріне жылы сөз айтады Жұмбақ: – Ішегі бар, үні бар, Қазақтың ол мұрасы. (Домбыра)	

	Ойын №1: «Өнеріңді көрсет» Шарты: балалар өздерінің қандай өнер істей алатынын қимылмен көрсетеді Барысы: Балалар кезекпен: – «Мен ән айта аламын» (ән айту қимылы) – «Мен би билеймін» (би қимылы) – «Мен домбыра тарта аламын» (ойнау қимылы)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Тақырып бойынша жұмыс: – Өнер түрлері туралы әңгіме – Қазақтың қолөнері туралы түсіндіру Сюжетті суретпен жұмыс: «Қазақтың қолөнері» Шарты: суретке қарап әңгіме құрастыру Барысы: Балалар сурет бойынша: – Не көріп тұрғанын айтады – Зергердің не істеп жатқанын сипаттайды – Әшекей бұйымдарды атайды Ойын №2: «Әшекей бұйымдар дүкені» (сюжетті-рөлдік ойын) Шарты: балалар сатушы және сатып алушы рөлдеріне бөлінеді Барысы: – Бір бала – сатушы – Басқалары – сатып алушы – Диалог құрастырады: – Сәлеметсіз бе? – Маған алқа беріңізші – Міне, алыңыз – Рахмет	Суреттер, карточкалар

IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Ойын №3: «Менің өнерім» Шарты: балалар өз өнерін айтып береді Барысы: Балалар шеңберде: – «Мен ән айта аламын» – «Мен би билеймін» – «Мен домбыра тарта аламын» Мұғалім қорытындылайды	Суреттер, ойын құралдары

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

СӘУІ Р ІВАПТА

ҰІӨ тақырыбы:	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	
Күні:	СӘУІ Р	
ТОП: мектеп палды		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:		

	Балаларды үйде және көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету, қауіпті жағдайларды ажырата білуге және сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыруға дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: қауіпсіздік ережелерін (тоққа жақындамау, шырпымен ойнамау, жол ережелері) Түсінеді: қауіптің алдын алу жолдарын, ережелердің маңызын Айта алады: қауіпсіздік туралы қарапайым сөйлемдер құрайды, сурет бойынша әңгімелейді	
Тілдік мақсат:	Сөздер: қауіпсіздік, тоқ, шырпы, жол, бағдаршам, жаяу жүргінші Сөйлеу үлгілері: – Токқа жақындауға болмайды. – Шырпы ойыншық емес. – Жол ережесін сақтау керек. – Бағдаршамға қарау керек. Сұрақтар: – Үйде қандай қауіп бар? – Көшеде қалай жүру керек? – Бағдаршам не үшін керек? – Қай кезде жолдан өтуге болады? –	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут	 – Балалармен амандасу – Жылы атмосфера қалыптастыру	Музыка, смайлик

II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	– «Шаттық шеңбері» Жұмбақ: – Үш көзі бар қаз-қатар, Кезек-кезек ашады, Бірі жанса тоқта, Бірі жанса дайын бол, Бірі жанса жол ашық. (Бағдаршам) Ойын №1: «Дұрыс – бұрыс» Шарты: мұғалім әрекеттер айтады, балалар дұрыс болса – қол шапалақтайды, бұрыс болса – аяқпен топылдатады Барысы: – Токқа қол тигізу (бұрыс) – Шырпымен ойнау (бұрыс) – Жолдан белгіленген жерден өту (дұрыс)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Тақырып бойынша жұмыс: – Үйдегі қауіпсіздік (тоқ, шырпы) – Көшедегі қауіпсіздік (жол ережесі) Сюжетті суретпен жұмыс: «Бағдаршам» Шарты: сурет бойынша әңгіме құрастыру Барысы: Балалар: – Бағдаршамның түстерін атайды – Әр түстің мағынасын айтады – Жолдан қалай өтетінін әңгімелейді Ойын №2: «Жол белгілері» (дидактикалық ойын) Шарты: жол белгілерін танып, атын айту Барысы:	Суреттер, карточкалар

	– Мұғалім белгілер көрсетеді – Балалар оның мағынасын айтады Мысалы: – Жаяу жүргінші өткелі – Тоқта белгісі – Балалар белгісі	
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Ойын №3: «Қауіпсіздік ережесін айт» Шарты: әр бала бір қауіпсіздік ережесін айтады Барысы: – «Мен тоққа жақындамаймын» – «Мен жолдан дұрыс өтемін» – «Мен шырпымен ойнамаймын» Мұғалім қорытындылайды	Суреттер, ойын құралдары